

Жанатаева К.Б.

аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Түрксой кафедрасы, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Guljan73@inbox.ru

**АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ
ЖӘНЕ МЫСЫР БАҒЫТЫ (1980-2000 ж.)**

XX ғасырдың соңғы ширегінде діни экстремизмнің күшеюі жалпы араб елдерінің, соның ішінде Мысырдың да саяси жағдайына әсер ете бастады. Діни экстремизм және лаңкестік мәселесі Араб Шығыс аймағын толғантқан өзекті мәселелердің біріне айналды. Қазіргі кезде әлемнің 70-ке жуық елдерінде өздерінің қызметін лаңкестік қимылдармен ұштастырып отырған мыңдаған топтар мен ұйымдар бар. Бақылаушылардың бағамы бойынша, олардың шамамен 200-ге жуығы исламды өздерінің қызметінің идеологиясы ретінде қолданады.

Египеттегі лаңкестіктің дамуына саяси тұрақсыздық пен экономикалық қиындықтар түрткі болып отырғаны сөзсіз. Елдегі ішкі жағдайды тұрақтандыру үшін ел басшылығы қоғамды «біртіндеп демократияландыру» бағытын ұстанып отыр. Бұл бағыт либерализация белгілерін қамтамасыз етеді.

Түйін сөздер: Египет Араб Республикасы, лаңкестік, діни экстремизм, жемқорлық, күрес.

Zhanataeva K.B.

Senior Lecturer Department of the Turksoy Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: Guljan73@inbox.ru

The Regional security problem and course of Egypt (1980-2000)

The growing religious extremism in the last quarter of the 20th century influenced the political situation of the Arab countries, including Egypt. The issue of religious extremism and terrorism has become one of the most pressing problems in the Arab region. Now in 70 countries there are thousands of groups and organizations that combine their activities with terrorist attacks. According to observers, about 200 of them use Islam as their ideology.

The development of terrorism in Egypt is undoubtedly due to political instability and economic difficulties. To stabilize the internal situation in the country, the country's leadership is conducting a "gradual democratization" of the society. This course provides for signs of liberalization.

Key words: Arabic Republic of Egypt, terrorism, religious extremism, corruption, struggle.

Жанатаева К.Б.

старший преподаватель кафедры Тюрксой, Казахский национальный университет
им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: Guljan73@inbox.ru

Проблема региональной безопасности и деятельность Египта (1980-2000 гг.)

Возрастающий религиозный экстремизм в последней четверти XX века повлиял на политическую ситуацию арабских стран, включая Египет. Вопрос о религиозном экстремизме и терроризме стал одной из самых насущных проблем в арабском регионе. В настоящее время в 70 странах насчитывается тысячи групп и организаций, которые объединяют свою деятельность с террористическими атаками. По мнению наблюдателей, около 200 из них используют ислам в качестве своей идеологии.

Развитие терроризма Египта, несомненно, обусловлено политической нестабильностью и экономическими трудностями. Чтобы стабилизировать внутреннюю ситуацию в стране, руководство страны проводит «постепенную демократизацию» общества. Этот курс предусматривает признаки либерализации.

Ключевые слова: Египетская Арабская Республика, терроризм, религиозный экстремизм, коррупция, борьба.

Кіріспе

Египет Араб Республикасы лаңкестікпен күресте айтарлықтай табыстарға жеткен Таяу Шығыс аймағындағы бірден бір мемлекет саналды. 80-шы жылдардың басы және 90-шы жылдардың ортасы Мысыр басшылығын бұл мәселеге жаңа көзқараспен қарауға мәжбүр етті. 1981 жылы қазан айындағы әскери шеруде ел президенті Әнуар ас-Садаттың мұсылман экстремистік топтарының қолынан қаза табуы және 90-шы жылдардың ортасында жаңа президент Хосни Мұбарак өміріне жасалған қастандық әрекет, елдің әлеуметтік-саяси өміріне қанағат тұтпай заңсыз түрде ереуілдерге шығу, шетелдік туристерге жасалған лаңкестік актілер елдің ұлттық қауіпсіздігінің басты қатері болып табылды. Бұл исламшылдардың елдегі үстемдік етіп отырған конституциялық құрылымды шариятқа негізделген билікке ауыстыруды талап етуімен де түсіндірілді.

Негізгі бөлім

Заңды оппозиция тарапынан билеуші ҰДП мен үкіметті сынға алу күшейіп кетті. Әсіресе 1988 жылы наурыз айында төтенше жағдай туралы заңды тағы үш жылға созылғаннан кейін тіпті үдей түсті. 1988 жылы бұқараны тәртіпсіздікке итермелегені және лаңкестік әрекеттер жасағандығы үшін экстремистік мұсылман ұйымдарын айыптаған сот процестері жүрді.

Қауіпсіздікті нығайту мақсатында тәртіп сақтау және құқық қорғау органдарының өкілеттіліктері кеңейтілді. Египет мемлекеті ислам фундаменталистерімен ұзақ жылдар бойы күресіп келді. Елдегі исламдық қозғалыста әуел бастан екі негізгі бағыт қалыптасқан болатын. Бірқалыпты саналатын қанаттағылар қоғам мен мемлекеттің біртіндеп реформалануы жолын таңдаса, радикалды топтар билеуші тәртіпті күштеп құлатуды көздейді (Борисов, 1991:57).

Жаңа президент билікке келісімен заңсыз оппозицияға қатысты, ең алдымен экстремистік бағыттағы ислам топтарымен күресуді бастаған еді. Садатты өлім жазасына бұйырған және оған қатысқандарды жазалағаннан кейін, елде «әл-жихад» сынды жасырын ұйымның 500-ге жуық мүшелеріне қатысты жаппай тұтқындау әрекеттері басталды. Ислам фундаменталистері билеуші тәртіпке қарсы соғыстың себептері жеткілікті деп санайды. Біріншіден модернизациялаудың батысшыл түрі және социалистік-экономикалық саладағы капиталистік даму түрі болса, екіншіден египет үкіметінің мәдени салаға, қоғам санасына Батыстың біртіндеп

енуі үрдісіне салқын қарауы түрткі болды. Олар бұл үдеріс египет қоғамының күйзелісіне әкеліп, халық толықтай исламнан қол үзеді деп санайды (Трофимов, 1992:121).

Сондай-ақ Хосни Мұбарак билікке келе салысымен билікте және қоғам ішінде жайлаған жемқорлық, ұйымдасқан қылмыспен күресуді жөн көрді. Ол осы мақсатта билікте тазартулар жүргізді. Билеуші партия ішінде тазартулар жүргізіп, саяси билік күштерін теңестіруді көздеді. Ол ҰДП-ның жаңа бағдарламасын қабылдап, партия бас хатшылығының құрамын өзгертуге тырысты. 1984 жылы шешім қабылдап, партияның бұрынғы 23 мүшесінің 15 мүшесін жаңартты. Бас хатшылықтың бұрынғы хатшысы М. Хасанға жемқорлыққа қатысы бар деген айып тағылып, қызметтен босатылды.

Жемқорлықпен күресу жолында біртіндеп «десадатизациялау» саясатын жүргізді. Ең алдымен үкімет басында ең жоғарғы орындарда отырған Садаттың жақтастары мен ағайындарын біртіндеп мемлекеттік аппараттан алыстатумен айналысты. Биліктен консультативті кеңес істері жөніндегі мемлекеттік министр М. Раушан ығыстырылды. Садаттың ағасы Исмаил Садат пен оның ұлдары мемлекетті тонау әрекеттерді жүргізгені үшін түрмеге жабылып, олардың дүниемүлкі мемлекет тарапынан тәркіленді.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдары Египет Араб Республикасында құрылған экстремизммен күресу жүйесі заң шығарушы және атқарушы билік органдарын өздеріне топтастырды. Ең маңыздысы бұл сала бойынша барлық мемлекеттік органдармен өзара әрекетті жандандыруға көбірек мән берілді. Осы мақсатта елдің үкіметінде құқық қорғау ұйымдарының қызметін үйлестіру бойынша құрылым аралық жұмыс тобы құрылды. Оның құрамына үгіт насихат мекемелері, ағарту ісі, министрліктер, үкіметтің әлеуметтік және экономикалық құрылымдары кірді. Бұл жүйеде қауіпсіздік жоғары соты маңызды рөл атқарды. Оның мүшелігіне әскери офицерлер тағайындалды. Аталған соттың шешімі мен үкімі талқылауға жатпады. Әрекеті және күзіреті бойынша ол төтенше трибуналға сәйкес келді. Лаңкестік сипаттағы қылмыстың ең жоғарғы жазасы жер аударылу жұмыстары немесе өлім жазасы саналды.

1993 жылы қазанда ел президентіне қайта сайланған Х. Мұбарак лаңкестік және діни экстремизммен аяусыз күресуге уәде берді. 1995 жылы қараша-желтоқсанда өткен Халық жиналысына кезекті сайлауда «ағайынды мұсылмандар» ассоциациясына сайлау науқанына

қатысуға тыйым салынды. Бәсекелес партиялар мен үміткерлер жақтастары арасындағы қақтығыс барысында шамамен 70 адам өліп, 800-ге жуығы жарақаттанды. Сайлау қорытындысының бір бөлігі сот органдарының шешімі бойынша жоққа шығарылды. Сайлаудың нәтижесіне қанағаттанбаған оппозиция үкіметті жемқорлыққа белшесінен батқан деп айыптады. Олар сайлаудың жүру барысына зиян келтіргені үшін премьер-министр А. Сидқиді айыптап, қызметтен кетуін талап етті (Шаракшанэ, 1999:26).

1995 жылы мамырда Халық жиналысы баспа туралы заңды қабылдады. Онда ресми тұлғаларға жалған жала жапқандар және өтірік мағлұматтар таратқандардың түрмеге қамауға алынатыны қарастырылды. Оппозиция бұл шараны қатаң сынға алды. 1996 жылы желтоқсанда үкімет әртүрлі оппозициялық партия мүшелелерін «билікті құлату мақсатында қастандық ұйымдастырды» деп тұтқынға алды. Баспа мен сөз бостандығына шектеу қойылды. 1999 жылы парламент үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік бақылау орнату туралы заң қабылдады.

1990 жылдар бойы египет үкіметі ислам экстремизмімен күресін жалғастырып келді. 1990 жылы қазанда парламенттің төрағасы Рифаат әл-Махджу өлтірілгеннен кейін шамамен мыңдаған фундаменталистер тұтқындалды. 1992 жылы наурызда билік «ағайынды мұсылмандарды» саяси тәртіпті құлату мақсатындағы қастандықтары үшін айыптады. 1992 жылы шілдеде исламшылдардың қоптарға қарсы әрекетінен кейін Халық жиналысы бірқатар лаңкестікке қарсы заңдар қабылдады. Онда қауіпсіздік күштерінің өкілеттілігі күшейтілді. Елдің түпкір-түпкірінде 300-ден астам фундаменталистер тұтқындалды. Қараша айында Асьют қаласы мешітінің өкілі «әділетсіз және жемқор» тәртіпке қарсы қарулы күреске шақырып, қасиетті Құран негізінде ислам мемлекетін құруға әрекет етті. Үкімет 430-дан астам фундаменталистерді тұтқындап, оларға лаңкестік актілерді дайындады деген айып тағылды. Барлық мешіттер мен намаз оқитын орындар бақылауға алынды. 1993 жылдың қаңтарынан 1995 жылдың қаңтарына дейін елде барлығы 74 адам өлім жазасына бұйырылды. 1995 жылдың қаңтарынан бастап үкімет сондай-ақ «ағайынды мұсылмандарға» қатысты қуғын-сүргін жүргізді. Елде ассоциацияның 17 көрнекті қайраткерлері тұтқындалды. Оларды Египеттің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына қарсы лаңкестік ұйымдастырды деп айыптаған болатын. Сондай-ақ ассоциацияның жүздеген мүшесі тұтқындалып, оның 54-не ұйымға

заңды түрде тіркелмегендері үшін кінә тағылды. Қуғын-сүргінге қарамастан, фундаменталистер туристер мен мемлекеттік мекемелерді басып алуды жалғастырды. Сондай-ақ 1997 жылы қопт шіркеуіндегі жарылыс кезінде 9 адам қаза тапты. Сол жылдың қараша айында Луксордағы туристерге қарсы «әл-Гамаа әл-исламийя» ұйымының әскери қанаты лаңкестік ұйымдастырды. Елде қайтадан жаңа тұтқындау және өлім жазасына бұйыру әрекеттері басталды. Үкімет шетелде ұсталған «жихад» және «әл-Гамаа әл-исламийя» мұсылман топтарының өкілдерін қайтарып алуға қол жеткізді. 1999 жылдың басында 107 исламшылдарға қатысты жаппай тұтқындау әрекеті жүргізілді. Оның 9 өлім жазасына, 11-і өмір бойы түрмеге жабылды.

1997 жылы экстремистермен күресте әскерді қатыстыру қатаң қарастырылды. Өйткені АҚШ-тың орталық барлау басқармасының (ОББ) құпия мәліметтері бойынша дүние жүзі бойынша шамамен 120-ға жуық «лаңкестік ислам топтары» 1997 жылы 4,5 млрд. доллар көлемінде қаржылай көмек алған (59:2000 فاطمة أحمد سيد).

Шетелден келетін көмек каналдары жабылды. Нәтижесінде экстремистілер әлсіреп, олардың ішінде өзара қайшылықтар туындай бастады. 1997 жылы жазда түрмеде жазасын өтеп отырған египет фундаменталистерінің 6 көсемі билікпен қарулы қақтығыс жүргізуден бас тартты. 1999 жылы «әл-Гамаа әл-исламийя» ұйымы қарулы күресін тоқтатқаннан кейін оның мыңдаған мүшелері түрмеден босатылды. 2000 жылы көктемде оның мүшелері мен жақтастары бостандыққа шықты.

Дегенмен әлі де болса үкімет пен экстремистер арасындағы қарсылық жалғаса берді. 2000 жылы исламшыл топтардың наразылығына қарамастан Халық жиналысы әйелдерге сотта түсінік берместен некелерін бұзуға мүмкіндік беретін ажырасу туралы заң қабылдады. Бұл ислам заңына қайшы келетіндіктен исламшылдар наразылық тудырды. 2000 жылы мамырда «ағайынды мұсылмандармен» бірігіп, «әл-Азһар» университетінің студенттері ереуілге шықты. Бұған жауап ретінде үкімет СЕП мен «аш-Шааб» газетінің қызметіне тыйым салды. Партия басшылығына ресми тыйым салынған «ағайынды мұсылмандармен» ынтымақтастық жасағаны үшін айып тағылған болатын.

Үкімет елде мемлекеттік қауіпсіздіктің қызметін күшейтті. 1998 жылы қызметке келген Египет ПМ мемлекеттік қауіпсіздігі бас басқармасының жаңа басшысы Х. Албери Египеттегі лаңкестікке қарсы шараларды жүргізуді қолға алды. Оның

бұйрығы бойынша мысыр-ливия шекарасынан күмәнданған тұлғалардың өтіп кетпеуін қадағалайтын шараларды күшейтті. Сонымен қатар елдің теңіз порттары мен әуе жайларына жарылғыш заттарды табу үшін АҚШ-тан сатып алынған қондырғыларды орналастырды.

Дегенмен 90-шы жылдар Египет үшін ауыр сын болды. Исламшылдар қайтадан қолдарына қару алып, лаңкестік әрекеттерге барды. 90-шы жылдардың екінші жартысы Нил бойындағы бұл араб елінде бірқатар лаңкестік актілер ұйымдастырылды. Ал бұл өз кезегінде Египет президентін елдегі төтенше жағдай туралы заңды жалғастыруға итермеледі.

Осыған дейін лаңкестікке қарсы қолданылатын ең маңызды шара ретінде «төтенше жағдайлар туралы заң» саналып келген болатын. Бұл заң 1981 жылы Мысыр президенті Әнуар Садат мұсылман экстремистері тарапынан қаза тапқаннан кейін қабылданған болатын. 2000 жылы Мысыр үкіметі аталған заңның әрекет ету қызметін тағы да кезекті үш жылдық мерзімге ұзартқан еді. Бұл заң бойынша ұсталған күдікті сот шешімі шыққанға дейін қамауда болады. Кейбір төтенше жағдайларда бұл мерзім бірнеше жылдарға созылатын да еді. Дегенмен күдікті ұсталғаннан кейін 30 күн ішінде сот тыңдауын өткізуді, шешім қабылдауды және шығарылған үкімді қайта қарастыруын талап етуге құқығы бар деп саналады.

«Төтенше жағдай туралы» заңнан басқа, елде мемлекеттік емес ұйымдардың (МЕҰ) қызметін реттестіретін заң жұмыс істейді. Осы заңға сәйкес, қоғамдық ұйымдарға қандайда бір саяси және кәсіподақтық іспен шұғылдануға тыйым салынады. Сонымен бірге, олардың басқарушы құрамы әлеуметтік істер министрлігі арқылы бекітіледі. Олар шетелдік қолдаушыға ие болуы үшін рұқсат алуы тиіс және үнемі өздерінің қызметтері туралы қаржы есебін беріп отыру міндетті. Осы заңға сәйкес, егер де қоғамдық ұйымдардың қызмет туралы тәртібі бұзылатын болса, әлеуметтік істер министрі МЕҰ-ды таратуға құқығы бар және олардың мүліктері мен активтерін тәркілеуге құқылы.

Бұған батыс құқық қорғаушылары қарсы шығып, аталмыш Заң барлық мемлекеттік емес ұйымдардың қызметін толықтай бақылап, олардың тәуелсіз жұмыс істеуі үшін мүмкіндіктерін жояды деп есептейді. Адам құқығын қорғаушы Париждік бақылаушы топ, бұл заң ережелері адам құқығы бойынша халықаралық келісімдерге толықтай қайшы келетіндігін мәлімдейді (Тыссовский, 1999:66).

Египет ресми басшылығы, атап айтқанда әлеуметтік істер министрі А. Гинди, заң министрі Ф. Сейфул Насыр және парламент істері бойынша министр Қ. Шазли керісінше, бұл заңға сәйкес МЕҰ жұмыс істеуі үшін барлық шарттар жасалғандығын нақтылай отырып, оларға салық төлеуде және кедендік салықтар алуда жеңілдіктер берілетіндігін атап көрсетеді.

Сондай-ақ мұсылман экстремистерімен күрес жүргізуде ресми исламның атқаратын орны бөлек. 1997 жылы радикализммен күресте басты рөлді Египеттің жоғарғы діни өкілдері, яғни мемлекеттің бас муфтиі, әл-Азхардың бас шейхі, вакуф министрі атқарды. 103-ші нөмірлі заң бойынша әл-Азхардың бас шейхі аталған мекемені басқарады және барлық істерді қадағалап отырады.

Осылайша, елдегі ресми ислам өкілдерімен біріге отырып, кешенді шаралар қолдану нәтижесінде 90-шы жылдары үкімет фундаменталистер позицияларының әлсіреуіне және олардың белсенділіктерінің айтарлықтай төмендеуіне қол жеткізді. 1998 жылы ешқандай елде террорлық акт тіркелмеді. Ал 1999 жылы ірі «әл-Гамаа әл-Исламия» жасырын ұйымы өзінің қарулы күресін тоқтататындығын жариялады (Ражбадинов, 2003:214).

Шындығында да 2000 жылдардың басында Египетте айтарлықтай тыныштық орнаған болатын. Египет саясаттанушылары мен сарапшылары Каирдің ресми саясатын саралай отырып, Мысырда ислам қозғалыстары мемлекеттің барлық құрылымдары тарапынан жүргізіліп отырған қатаң идеологиялық дағдарысты бастарынан кешірді деген болатын. Дегенмен Египеттің көптеген халықтары 90-шы жылдардың аяғында-ақ елде лаңкестік ұйымдар жетекшілері тұтқындалып, бірқатар мысырлық журналдар мен газеттер жабылғанда және Жоғары Египет Каир мен Александрияда «тазартулар» жүргізілгенде терроризммен іс аяқталған деп санаған болатын.

Әрі елдегі діни мекемелер үшін мемлекеттік бақылау күшейтілген еді. Египетте діни экстремистердің елдегі мешіттерді өз мақсаттарына қолданбауы үшін шаралар қолданылды. Шамамен 30 мыңға жуық мешіттерді вакуф министрлігінің бақылауына өткізу жоспары қабылданды. Тіпті ислам топтарын қаржыландырудың негізгі көздері саналатын құрбандықтар мен пітір-садақаларға да бақылау орнатылды. Әрі «ағайынды мұсылмандар» ассоциациясы, дәрігерлер, адвокаттар, инженерлер кәсіподақтарының қаржы істеріне аудиторлық

тексерулер жүргізілді. Өйткені үкімет олардың исламшылдармен байланысы бар деп санаған болатын.

Әрі кейінгі кезде үкімет экстремистермен тіл табысуды да, оларға қарай қауіп төндіруді де құптамайды. Египет басшылығы бір жағынан олармен тіл табысу олардың билікті жаулап алуына әкеледі деп сескенді. Египет үкіметінің осындай бағыты билік органдарына 1998 жылы ел ішіндегі экстремистердің белсенділігін айтарлықтай төмендетуіне септігін тигізді. Осы жерде египет үкіметінің діни экстремизммен күрестегі тактикалық жетістіктерін ескерген жөн. Керісінше стратегиялық жоспар бойынша күштеу актілерінің қолданылуы үкіметке исламшылдарды қарама-қарсы қоюға мүмкіндік туғызды.

Мысыр елі мұсылман елі екендігін есепке алсақ, үкімет үшін құқықтық негізде бірқалыпты исламдық ағымдарға қарсылық көрсету оңай емес. Кейбір заңдар дегенмен белгілі деңгейде елдің ішіндегі исламшылдардың саяси-идеологиялық қызметін реттестіріп отырады. Үкімет заң актілерінің ережелеріне сүйене отырып, исламдық саяси ұйымдардың тіркелуіне тыйым салады, исламдық бағыттағы оппозициялық партиялардың әрекетін тоқтатып, қоғамдық және мемлекеттік емес ұйымдардың құрылуына шектеу қоя алады. Сонымен бірге, экстремистік қызметке қатысты басылымдық органдардың жабылуын қатаң қадағалайды.

ЕАР үкіметі өз елінен шеткері жерлерде де діни экстремистер және лаңкешшілермен күресті белсенді жүргізуде. Ел басшылығы шетелдерде де египеттік лаңкештік ұйымдардың бөлімшелерін жою мақсатында әлемнің көптеген елдерінің арнайы қызметтерімен тығыз ынтымақтастық орнатқан. Үкімет елге және оның ұлттық қауіпсіздігіне негізгі қатер Еуропа және АҚШ-тағы шетелдік террористік құрылымдардан келетіндігін жақсы түсінді. Египет соңғы жылдары әлемнің көптеген елдерімен діни экстремизммен қарсы бірігіп күресу туралы екіжақты келісімдер орнатты. 90-шы жылдарының өзінде-ақ қауіпсіздік туралы Болғария, Венгрия, Румыния және Пәкістанмен ынтымақтастық келісіміне қол қойылған болатын.

Осылайша Каир діни экстремизм, фундаментализм және лаңкештікпен күресте халықаралық және аймақтық ынтымақтастықты орнатуға тырысты. Таяу Шығыстағы шеіеленісті реттестіру және ислам экстремизміне қарсы біріккен әрекеттерді үйлестіру үшін әлемдік қауымдастық күшін біріктіру мақсатында

Х. Мұбарак 1996 жылы 13 наурызда Египеттің саяжай қаласы Шарм аш-Шейхте халықаралық конференция шақырды. Конференцияға таяушығыстық елдердің басшыларымен қатар, АҚШ және Ресей президенттері қатысты. Самитте палестина-израиль мәселесімен бірге лаңкештікпен күрес туралы мәселе кеңінен талқыланды. Кездесуге қатысушылар халықаралық лаңкештікпен күрес бойынша күшті бірігіп жұмылдыруға келісті. Лаңкештік мәселесін жік-жігімен талқылау үшін көпжақты жұмысшы топтарын құру шешімі қабылданды. Конференцияға қатысушылар Палестинаны азат ету ұйымы (ПАҰ) басшылығын палестина лаңкешшілерімен күрес бойынша шараларды қатаңдата түсуге шақырды. Шарм аш-Шейхте өткен лаңкештікпен күрес туралы халықаралық конференция нәтижелі болды. Әлемнің көптеген елдерінде, оның ішінде Каирде, Эр-Риядта және Тель-Авивте ФБР өз өкілдіктерін ашты.

1998 жылы 12 сәуірде Каирде араб елдері арасында «лаңкештікпен күрес туралы» келісім орнатылды. Араб Елдері Лигасы (АЕЛ) шеңберінде экстремизм және лаңкештікпен күресу бойынша арабаралық өзара әрекет жандана түсті. Мысырлықтар аймақтық деңгейде Иордания, Сауд Арабиясы, Алжир және Тунистік әріптестерімен тығыз қатынас жасайды.

1997 жылы қыркүйекте Ресей Федерациясымен қылмыспен күрес саласында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Екі елдің арнайы қызметтері осы келісім ережелеріне сүйене отырып, белсенді әрекет етеді. Ресей мен Египеттің лаңкештікке қарсы тұру әдістері ұқсас. Екі елде БҰҰ басшылығындағы халықаралық құқық нормаларына сәйкес, оған қатысы бар жекелеген елдер мен діндерге қатаң қарау керектігін мойындайды.

2000 жылдан бастап египет жағы Австрия, Әзірбайжан, Босния, Канада, Сирия және Швецияда лаңкештік іс бойынша айып тағылған 25-тен астам өзінің азаматын экстрадициялауға қол жеткізді. Олардың кейбіреуі Луксордағы лаңкештік актіге қатысты бар деп айып тағылса, кейбіреуі «әл-Жихад» және «әл-Гамаа әл-исламия» басшылығының өкілдері болатын. Жалпы бүгінде кейбір мәліметтер бойынша египет арнайы қызметі шетелдерде жүрген шамамен 290 мысырлықтарды іздестірген еді. Дегенмен арнайы қызмет өкілдері экстремистік топтармен байланысты және лаңкештік актілерді жасауға қатысы бар деген күдікті исламшылдарды экстрадициялау туралы мәселелерді шешуде бірқатар қиындықтар кездесетінін атап көрсете-

ді. Олардың айтуынша, Англия, Германия, Дания, Швейцария және де бірқатар елдерде жергілікті заңдар бойынша ұсталған мысырлықтарды Египет үкіметіне беруге тыйым салынған. Ал бұл өз кезегінде «төтенше жағдайлар туралы» заңдағы адам құқығын бұзумен түсіндіріледі (Arab Human Development Report, 2009:288).

Осылайша, ЕАР арнайы қызметінің шетел территориясында экстремистердің әрекеттерін жою бағытында жүргізіп отырған қызу іс-шаралары елдегі ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге әрекет ететінін айта кеткен жөн.

Елде радикалды ұйымдардың шетелдік бөлімшелермен байланысын жою үшін қаншама рет әрекеттер жасалса да, соңғы жылдары исламшылдардың экстремистік ұйымдардың орталықтандырылған басқармаларымен байланысын қалыпқа келтіріп отырғаны мәлім. «әл-Гамаа әл-исламия» басшылығы Усама бен Ладеннің империализммен, христиан және иудаизммен күресу бағытында құрған «Жихад ислам майданы» және «дүниежүзілік ислам майданы» құрамына кіргені белгілі. ЕАР арнайы қызметінің мәліметі бойынша 2001 жылғы қыркүйектегі АҚШ-тағы «әл-Қаида» ұйымының мойнына жүктелген жарылыс туралы іс бойынша күдіктілердің арасында екі мысырлық бар еді. Египет басшылығы бұл ұйымның құрамына «әл-Гамаа әл-исламия» және «әл-жихад» топтарының көптеген өкілдерінің кіретіндігін жоққа шығармады.

Өкінішке орай бірқатар египеттік лаңкестік топтардың халықаралық террористік ұйымдар құрамына кіріп, әлемге қатер төндіріп отырғанын да айта кеткен жөн. Египетке мүмкін лаңкестікке қарсы тұру үшін халықаралық қауымдастықпен ынтымақтастықты өте жоғары деңгейге көтергені де жөн болар. Дегенмен египеттік лаңкестікке, діни экстремизмге және ұйымдасқан қылмысқа қарсы тұру әрекеті жағынан әмбебапты, әрі бұл ел тәсілдерін Араб Шығысының көптеген елдері қолдануға болады. Сонда да Египетте лаңкестік жойылды деуге әлі ертерек.

Египеттегі лаңкестіктің әрі қарай дамуына саяси тұрақсыздық пен экономикалық қиындықтар түрткі болып отырғаны сөзсіз. Елдегі ішкі жағдайды тұрақтандыру үшін ел басшылығы қоғамды «біртіндеп демократияландыру» бағытын ұстанып отыр. Бұл бағыт либерализация белгілерін қамтамасыз ете отырып, президентке толықтай заң шығарушы және атқарушы билікті де сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Елдегі әлеуметтік мәселелердің шиеленісе түсуі де, экономикалық дағдарыстың тығырлықты жағдайы да жағдайы нашар тұрғындарды қолдауға тырысатын фундаменталистік қозғалыстардың жандануына әкелетіні мәлім. Қоғамда экономикадағы жағымсыз құбылыстар және дағдарыстың ел жағдайын тығырлыққа тіреу қаупі билікке исламшылдардың келуіне әкелетіні шындық деп санайтындар санаты кезінде-ақ кездескен болатын. Бірақ әлеуметтік жағдайы нашарларды қолдайтын исламшылдардың қолында елдегі экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шеше алатын нақты жоба жоқ екенін қоғамда сезінеді. Кейбір экстремистік ұйымдардың өздерінің утопиялық пікірлерін жүзеге асыру ойлары тек бұл мәселелердің әрі қарай шиеленісе түсуіне әкелетіні де сөзсіз.

Бүгінгі таңда да Египеттегі саяси жағдай тұрақты емес. Әрине радикалды топтардан ел қашып құтылмайды. 1995 жылы Хосни Мұбарак айтқандай, Египетте қолмен бір сілтегенде барлық мәселелерді шешетіндей сиқырлы таяқша жоқ. Дегенмен билеуші саяси партия «ағайынды мұсылмандар» сынды ислам ұйымымен ынтымақтастық орнатқан еді. Халықтың басым көпшілігін өз жағына топтастыра білген бұл ұйым өзін билеуші партияға бәсекелес екендігін бүгінде көрсете білді. Либерализация үрдісі дер кезінде болмаса да исламшылдардың бөлшектенуіне, оларды радикалды топтардан оқшауландыруға әрекет етеді. Египеттің билеуші топтары бір ғана күштеу әдістерімен ислам экстремизмдерімен күресуге болмайтындығын одан әрі жете түсіне түсті. Заңды күші бар және дінге сенушілердің сенімін құрметтейтін, әрі адам құқығын сақтауға негізделген құқықты қамтамасыз етуге бағытталған саясат қажет екені сөзсіз.

Қорытынды

Египет үкіметі әрқашан өздерінің исламға деген ілтипатын жоққа шығармайды. Олардың дінге деген қырағы көзқарастары өздерінің жағына дәстүрді қатаң сақтайтын топтарды тарта білді де, дегенмен олар елдің ішкі қауіпсіздігіне экстремистер мен заңды оппозиция тарапынан қатер төнгенде аянып қалмайды. Оған 2000 жылы парламентке сайлау кезінде үкімет «ағайынды мұсылмандар» ассоциациясының 700-ге жуық белсенділерін тұтқындағаны айғақ. Бірақ олардың басым көпшілігі сайлаудан кейін босатылған болатын. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі әлемді дүр сілкінткен АҚШ-тағы жан түршігерлік лаңкестік актіден кейін Еги-

пет билігі радикалды исламшылдармен күресін жалғастыра түсіп, бірқалыпты ислам топтарымен байланыстарын одан әрі жандандыра түсті (Примаков, 2002:83).

Өкінішке орай Египет және Таяу Шығыстағы лаңкестік мәселесінің шешімі әлі де көп жылдарды талап етеді. Тек халықаралық қауымдастық ресми ислам өкілдерімен тығыз

ынтымақтаса отырып, өз әрекеттерін үйлестірген жағдайда ғана лаңкестік пен діни экстремизмге төтеп бере алатыны сөзсіз. Осылайша Египет лаңкестік және діни экстремизммен күресте біршама сәттіліктерге жете отырып, Араб Шығысы мен басқа да аймақтық елдерді осы зұлымдық күштермен бірлесе күресуге шақыра білген мемлекеттердің бірі болған еді.

Әдебиеттер

- Роль Ислама во внутренней и внешней политике Египта (XX век): научное издание / А.Б. Борисов. – М.: Наука, Восточная литература, 1991. – 57 с.
- Трофимов Д.А. Исламский фундаментализм в арабских странах: истоки и реалии // Восток. Афро-Азиатские общества: история и современность. – 1992. – №1. – 121 с.
- Шаракшанэ С. Ислам и политический экстремизм // Религия и право. – 1999. – №4. – 26 с.
- فاطمة أحمد سيد. اتفاق مصري وكالة المخابرات المركزية. القاهرة، 2000. - 59 ص.
- Тыссовский Ю. «Исламистский интернационал» все больше угрожает светским режимам арабского мира // Россия и мусульманский мир. – 1994. – №14. – 66 с.
- Ражбадинов М.З. Радикальный исламизм в Египте. – М.: ИИИБВ, 2003. – 214 с.
- Arab Human Development Report 2009. Challenges to Human Security in the Arab Countries. – NY: UNDP, 2009. – 288 p.
- Примаков Е.М. Мир после 11 сентября. – М.: Мысль, 2002. – 83 с.

References

- Rol' Islama vo vnutrenney i vneshey politike Yegipta (KHKH vek): nauchnoye izdaniye //A.B. Borisov.-M.:Nauka, Vostochnaya literatura, 1991.- 57 s.
- Trofimov D.A. Islamskiy fundamentalizm v arabskikh stranakh: istoki i realii // Vostok. Afro-Aziatskiye obshchestva: istoriya i sovremennost'-.1992.- №1.- 121 s.
- Sharakhshane S. Islam i politicheskiy ekstremizm// Religiya i pravo.- 1999.- №4.- 26 s.
4. فاطمة أحمد سيد. اتفاق مصري وكالة المخابرات المركزية. القاهرة، 2000. - 59 ص.
- Tyssovskiy YU. «Islamistskiy internatsional» vse bol'she ugrozhayet svetskim rezhimam arabskogo mira // Rossiya i musul'manskiy mir.- 1994.- №14. - 66 s.
- Razhbadinov M.Z. Radikal'nyy islamizm v Yegipte. – М.: ИИВВ, 2003. –214 s.
- Arab Human Development Report 2009. Challenges to Human Security in the Arab Countries. – NY: UNDP, 2009. – 288 p.
- Primakov Ye.M. Mir posle 11 sentyabrya. - М.: Mysl', 2002.- 83 s.